

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Отансүйгіштік және патриотизм





Дәрістің мақсаты: оқырман отанға деген махаббат ұлттық мінезге қарай әртүрлі деңгейде көрінетіндіктен бұл ұғымдардың мәдениетаралық коммуникациядағы ерекшеліктерінен хабардар болады, қазақ фольклорындағы жермен қоштасу жанры мәселені толықтай өзі түсіндіре түседі.

Дәрістің басты терминдері: отансүйгіштік, патриотизм, ел, атамекен.

- Отансүйгіштік – тұлғаның елін, жерін аңсауы, айырылмауы, жақсы көру сезімін танытатын атау;
- Патриотизм – елі мен жеріне, отанына қатысты барлық ұғымдарды маңызды, бірінші деп мақтаншыпен айтушылықтан туатын түсінік;
- Ел – дәстүрлі ортада мемлекет, руды, халық, жұртты, өскен ортаны, туған жер мағынасындағы мазмұны аса кең категория;
- Атамекен – ата-бабасы, руының ежелден тұрып келе жатқан жері мағынасындағы дерексізденген атау.

1. Отанға деген махаббат

«Отанға деген махаббат – орыстың ұлттық мінезінің бөлінбес бір бөлшегі, бұл әділетті де. Орыстың бүкіл-бүтін әдебиеті, поэзиясы, Лермонтовтың «Люблю отчизну...» шығармасынан бастап, Рубцовтың «Россия, Русь, храни себя, храни» шығармасына дейін Ресейге деген махаббатпен өрілген», – дейді Тер-Минасова.

Орыс тілі орыс ұлтының отанға деген шексіз махаббаты мен патриотизмін білдіретін дәлел. Әсіресе, оның бұл қасиеті орыс тілін ағылшын тілімен салыстырған кезде айқын көрінеді. Шынымен де, орыс тілі адам дүниеге келген ел, өлке, туған жерді сипаттайтын көркем, эмоционалды сөздерге аса бай: отан, туған ел, атамекен, атажұрт. Бұл сөздер және сөз тіркестері жағымды коннотацияға ие, әрі әңгімені эмоцияға, жоғары рухқа айналдырып жібереді.

Жоғарыда келтірілген кеңінен қолданысқа ие сөздердің барлығына ағылшын тілінде жалғыз country сөзі ғана сәйкес келеді. Ағылшын тілінде анажұрт мағынасын беретін motherland және атажұрт мағынасын беретін fatherland сөздері бар. Алайда бұл сөздерді ағылшындар өз отандары ретінде ешуақытта қолданбайды. Ағылшын тілінің сезімді білдіруге келгенде «ойды толық жеткізбейтін», «сезімді толық бағалай алмайтын» understatement тенденциясына сай ағылшындар үшін отан сөзін жеткізуге жалғыз country сөзі жетіп жатыр.

Осы айтқандардың барлығына куә болатын тағы бір тілдік құбылыс ресейлік саяси күштер күресінің өзегіне айналды. Әңгіме өз отаны жайында айту мәнерінде: орысша – біздің еліміз, ағылшынша – this country [бұл ел] болып отыр. Ағылшын тілін үйренуші орыстілді студенттерге егер әңгіме ағылшындар және Англия жайында болатын болса, Ресейдегідей our country [біздің ел] тіркесін қолданбауды әдейілеп үйрету қажеттігі туындайды. Ағылшындар өз ұлттық мінез-құлқына сай өз отанына деген сезімін білдіруде салқынқандылық танытып, өздерінен алыстатып this country деп атайды.

Ағылшындардың ұлттық мінезін бейнелейтін ағылшын тілі бұл тұрғыда «басқа жолды» таңдаған. Албырт сезімін, тіпті отанға деген сүйіспеншілігін сөзбен ашық жеткізу ағылшындарға тән емес. Оларға тән understatement «сөз саптаудағы ұстамдылық», «ойын бүгіп қалушылық», «төмен бағалаушылық» махаббат мәселесінде де өз ізін қалдырған.

2. Қазақ мәдениетіндегі отансүйгіштік пен патриоттық сезім

Қазақ мәдениетіндегі отансүйгіштік пен патриоттық сезімнен шыққан бірнеше лексикалық бірлік бар. Ол – ел, атамекен, атажұрт, туған ел. Соның ішінде «отан» деген сөз бұл орыс тіліндегі родина сөзінің тіке аудармасы ретінде кейін пайда болған, ал шындығында



қазақтың дәстүрлі ортасында бұл ұғымдарды ел, атажұрт, атамекен, жер, атақоныс деген лексикалық бірліктер атқарады. Соның ішінде ел деген сөз дәстүрлі ортада мемлекет, руды, халық, жұртты, өскен ортаны, туған жер мағынасында да қолданылатын мазмұны аса кең категория болып табылады.

Қазақтың туған жеріне байланып қалуының тағы бір көрсеткіші ретінде басқа ешбір жұртта жоқ ауызша жанр – бұл жермен, елмен қоштасу жырлары. Бұл жермен қоштасу әдетте ата жұртынан қандайда бір себептермен амалсыздан, еріксізден қоныс аударған жағдайда өлеңмен немесе күймен айтылатын қоштасу үрдісі. Сондықтан А.И. Левшиннің айтқанындай, қазақтың туған жер, отансүйгіштік, елге деген патриоттық сезімінің айрықшалығы, тіпті оның әдеби жанрында да өз таңбасын қалдырған деп айтамыз.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедиядан атамекен, жеті ата, ауыл деген сөздердің анықтамасын оқып, қажет жерлерін түртіп алыңыз.
2. Қазақ патриотизмін қалыптастырудың жолдарын қарастырып, достарыңызбен пікір қосыңыз.
3. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген тақырыпта ой толғаңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Отансүйгіштік пен патриотизмнің арасында қандай ұғымдық айырма бар?
2. Қазақ халқында туған ел, атамекенге деген ерекше ықыластың болуына нендей факторлар әсер етеді деп ойлайсыз?
3. Америкалықтардың отанға деген махаббаты қалай патриотизмге айналды деп ойлайсыз?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. А: 2014. 5-том.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. А., 2007–2011. 15-том.
3. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Докторлық дисс. – Алматы, 2007.
4. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Патриотизм>.
5. <https://www.google.kz/amp/el.kz/kz/amp-news/archive/content> – 23633.
6. <https://abai.kz/post/39234>.
7. <http://poiskm.co/show/ибрагим-ескендир/кок-тудын-желбирегени>.
8. Сейдикенова А., Қазақ және француз тілдеріндегі «Өзім» – «өзге» концептілер (мәтіндер негізінде). Филология ғылымдары кандидатының диссертация авторефераты. Алматы, 2009.
9. Амалбекова М.Б., Феномен билингвальной личности в этноязыковом ландшафте Казахстана. – Астана, 2009.
10. Бахтин М.М., К философии поступка. // Философия и социология науки и техники. Ежегодник 1984/1985. – М.: Наука, 1986.
11. Кислякова Е.Ю., Соломина В.В., Категориальная оппозиция «свой-чужой» как параметр категории инакости. // Восточнославянские языки и литературы в историческом и культурном контекстах, когнитивная лингвистика и концептуальные исследования. Серия «концептуальные исследования». Выпуск 13. – Киев, 2012. – с. 211–217.